

"Трэйд Петролеум" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 30 қазандығы № 8 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Трэйд Петролеум" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жанармай құю станциясының құрылыш алаңында электр желілерін салу және жүргізу үшін бойынша Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі Октябрь ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,7731 гектар жер участкеіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Костанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Октябрь ауылдық округінің әкімі

Н. Карашев